

- 8 Qasqabasov S. (2002) Zhanazyk: әr zhylgy zertteuler [Spiritual Food: Annual Research Works] (Astana).
- 9 Çoban, R. V. (2023). *Türk mitolojisinde kurt kültünün kökleri (The roots of the wolf cult in Turkic mythology)* (Unpublished master's thesis, Muş Alparslan University, Institute of Social Sciences). <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.25401.54889>
- 10 Ulziibayar, S. (2025). The wolf cult and Börte Chino. In E. Yıldırım, K. Yıldırım, & T.-O. Lkhagvajav (Eds.), *Integration of nomadic tribes and sedentary people in the history of Inner Asia* (E-ISBN 978-625-9357-20-1). Istanbul Aydın University Press. [https://www.academia.edu/145780281/The\\_Wolf\\_Cult\\_and\\_B%C5%91rte\\_Chino](https://www.academia.edu/145780281/The_Wolf_Cult_and_B%C5%91rte_Chino)
- 11 Deniz, D. (2020). The Shaymaran: Philosophy, resistance, and the defeat of the lost goddess of Kurdistan. *The Pomegranate: The International Journal of Pagan Studies*, 22(2), 221–248. <https://doi.org/10.1558/pome.38409>
- 12 Küçük, M. A. (2020). İşlevsellik bağlamında Türk mitlerinde «annelik olgusu». *Millî Folklor*, (126), 27–39. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1194741>
- 13 Bayrakdarlar, T. (2022). Türkmen ve Azerbaycan masallarında mitolojik kuş motifi: Simurg/Zümrüd. *Söylem*, 7(2), 533–552. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2417507>
- 14 Uskenbaeva, R. M., Zhanysbekova, E. T. (2023) Qazaq mifologiyasyndaghy zhylqy bemesi [The Image of the Horse in Kazakh Mythology], *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Filologiya» [Bulletin of Karaganda University. Series “Philology”]*, 4(112), 89–96. DOI: 10.31489/2023Ph4/89-96. [in Kazakh]
- 15 Babalar sözi: Zhyz tomdyq. T. 30: Khıkaialyq dastandar (2006) (Qytaıdaǵy qazaq folklorı) [Words of the Ancestors: Vol. 30 – Narrative Dastans (Kazakh Folklore in China)] (Astana).

Received: 12.01.2026

FTAMP 17.01.07

DOI:10.59102/kufil/2026/iss1pp270-283

**О.Қ. Сұлтанғалиева<sup>1</sup>, \*А.Б. Абдуллина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, 130000, Қазақстан

<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТАНЫМ КӨРІНІСТЕРІ (А. КЕМЕЛБАЕВА ПРОЗАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы гендерлік таным мәселесі қарастырылған. Қазіргі әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулер жазушының көркемдік кеңістіктегі ойлау жүйесін, ұлттық танымдағы маңызын жүйелеуде анықталады. Зерттеуде А.Кемелбаеваның прозалық шығармаларындағы әйел бейнесі гендерлік дискурс тұрғысында қарастырылып, ұлттық мәдени кеңістіктегі рөлі айқындалды. А.Кемелбаева прозасындағы әйел бейнесі – ұлттық танымды, шежірені сақтаушы, ұрпақ жалғастығын қамтамасыз ететін кейіпкерлер жүйесі.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қазақ әдебиетіндегі соңғы зерттеулер қарастырылып, кеңестік дәуірден бастап посткеңестік кезеңдегі гендерлік зерттеулер жайлы пайымдау зерттеудің жаңашылдығын көрсетеді. Сонымен бірге А.Кемелбаева шығармашылығы гендерлік дискурс аясында алғаш рет қарастырылып, әйел кейіпкерлер галереясы жан-жақты талданды. Зерттеудің нәтижесінде қазіргі қазақ прозасындағы гендерлік таным авторлық позиция арқылы кейіпкерлер жүйесімен, полифониялық тәсілмен жүзеге асқан. А.Кемелбаева әйелдер образын сомдауда ұлттық танымды басшылыққа алып,

*олардың ұлттық код тасымалдаушы етіп бейнелейді. Осы ретте зерттеудің құндылығы әдеби мәтінді гендерлік дискурс аспектісінде жүйелі түрде талдаумен байланысты.*

*Кілт сөздер: гендерлік таным, дискурс, постмодернизм, авторлық позиция, ұлттық таным.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі қазақ әдебиетінде гендерлік зерттеулердің дамуы әлем әдебиеті теориясының үздіксіз дамуымен тікелей байланысты. Бұл жөнінде әдебиеттанушы А.Ісімақова қазіргі әдебиеттанудағы басым бағыттардың бірі деген ұстанымда [1, 361]. Соңғы зерттеулерге назар аударатын болсақ қазақ әдебиетінде гендерлік зерттеулерге бетбұрыс барын көреміз. Аталған бағытта әйел жазушылардың туындыларын, ондағы көркем ойлау жүйесі мен әйел болмысы ұлттық таным аспектісінде бейнеле бастады. Сонымен бірге әйел болмысы және оның психологиясы, дәстүрді қоғамдағы әйел орны сынды тақырыптар өзекті саналады.

Қазіргі қазақ прозасында әйелдік сана феноменін терең бейнелеген жазушының бірі де бірегейі – Айгүл Кемелбаева. Қаламгер шығармашылығы интеллектуалды прозаның айқын үлгісі деп бағалайды. Айгүл Кемелбаева кейіпкерлері – ішкі әлеміне көбірек үңілетін, еркіндік, жалғыздық жайлы толғанатын образдар. Жазушы туындыларында гендерлік таным әйел бейнесінің поэтикасын жаңа аспектіде тануға, сонымен бірге ұлттық таным контекстінде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Г.Балтабаева қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын тұтастай қарастыра келіп, мынадай тұжырымға тоқтайды: «Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын әңгіме жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық объектілері көбейді. Қоғамда болып жатқан ұлы өзгерістердің барлығы да қаламгерлер назарынан тысқары қалмады. Сонау қайта құру кезеңінен бастап, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өткен жиырма жылдың ішінде қоғамдық-экономикалық өзгерістер ел өміріне, халық тұрмысына үлкен әсерін тигізді» [2, 6]. Сонымен бірге зерттеуші қазіргі қазақ прозасының тақырыптық ауқымының кеңейіп, кеңестік жүйе кезінде тыйым салынған «жабық» тақырыптардың қозғалғанын атап өтеді. Сонымен бірге: «...Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повесттер пайда болды» [2, 7], – деп қазіргі қазақ прозасындағы ең негізгі тақырыптарды атап өтеді. Айгүл Кемелбаева прозасында қазақтың салт-дәстүрі, танымы көрініс беруімен қатар гендерлік тақырып, оның ішінде қазақ әйелінің болмысы, танымы лайықты деңгейде суреттелген. Бұл өз кезегінде қаламгердің суреткерлік шеберлігі мен ұлттық танымның астасуын көрсетеді.

## КІРІСПЕ

Айгүл Кемелбаева – бүгінгі қазақ прозасында ұлттық дүниетаным тақырыбын жан-жақты аспектіде суреттей білетін жазушы. Халқымыздың танымын, тұрмысын, ел мен жер тағдырын қаламгер Айгүл Кемелбаева бірнеше жанрда, түрлі тақырыптық арнада прозалық шығармаларының арқауы еткен. Қазіргі қазақ прозасының талантты өкілі Айгүл Кемелбаева тың көзқарасымен, соны шешімімен, өзіндік стилімен ерекшеленеді. Қаламгердің шығармашылық әлемінде ұмыт бола бастаған дәстүрлер, ұлттық таным көріністері, салт пен ғұрыптардың берілуі «ұлттық дүниетанымды жаңғырту» идеясына негізделетіні көреміз. Зерттеуші Ұ.Сәменқызы қаламгер туындыларында романтикалық сарын, мистикалық көріністер, ертегілік сипаттың басымдығын атап көрсетеді [3, 60]. Ал зерттеуші А.Найманбаев А.Кемелбаева прозасындағы магиялық реализмнің қызметіне, оның көркем туындыдағы маңызына, соның ішінде мифті көркемдік ойлау табиғатына айрықша тоқталады [4, 64]. Осы тұста ғалым Ш.Елеуқеновтің мына пікірі зерттеуіміздің негізіне алынып отырған А.Кемелбаеваның авторлық позициясын терең түсінуге мүмкіндік береді: «...Адамның қасиетін ашуға талпынған жазушы қашан да өз геройының мінез-бейнесіне кіріп алып, оның

жан түкпіріндегі ең аяулы дірілінін басып, қуанышы мен мұңын, күдігі мен қайшылығын, ойы мен арманын, өз-өзімен не жан-жақынымен сырласушы бәрі-бәрісін суреттеуге тырысады» [5, 188], – деген пікірін білдіреді. Бұл өз кезегінде А.Кемелбаеваның кейіпкерлер әлемін терең түсінуге, талдауға мүмкіндік береді. Әлем әдебиетінде көркем туындыларды гендерлік тұрғыдан талдау ерлер мен әйелдер туралы қоғамдық түсініктерді айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер К.Р. Нурғали, А.Г. Уайсбаева қазіргі қаламгерлердің туындыларындағы гендерлік тақырыптың берілуінде көркемдік тәсілдердің мол екенін атап өтеді. Солардың ішінде кейіпкерлерінің айқын психологиялық портретінің айқын берілуі – маңызды тәсілдердің бірі. Өйткені бұндай тәсіл оқырманға әйелдер мен ерлердің гендерлік рөлдерінің әр түрлі жағдайлардағы көрінісін, жалпы кейіпкерлердің ішкі әлеміне үңілуге мүмкіндік береді [6, 181]. Осы негізде А.Кемелбаева туындыларындағы кейіпкерлердің, соның ішінде әйел образдарының жазушының шығармашылық кеңістігіндегі маңызын айқындаудың қажеттігі туындайды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Айгүл Кемелбаева шығармашылығындағы гендерлік таным көріністерін айқындау. Осыған сәйкес қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер жүзеге асырылды:

1. Айгүл Кемелбаева прозасындағы көркем мәтін ерекшеліктері, сонымен бірге постмодернистік, гендерлік (феминистік) әдебиетте қолданылатын тәсілдерді айқындау;
2. Жазушы шығармаларындағы қазақ әйелінің бейнесінің сомдалу ерекшеліктерін талдау, жүйелі түрде қарастыру;
3. Айгүл Кемелбаева шығармаларының көркемдік кеңістігіндегі әйел образдарының жаңашылдығын және ұлттық таныммен байланысын талдау.

Зерттеу нысаны ретінде А.Кемелбаеваның «Ер Төстіктің дүниеге келуі», «Ереймен мен Ақынай», «Ханымбике», «Әулиебұлақ» шығармалары алынды. Зерттеу пәні – автордың гендерлік танымын айқындайтын образдар жүйесі. Зерттеу нәтижесінде А.Кемелбаева қазақ әйелінің болмысын қайта сомдау арқылы әйел бейнесіне қатысты дәстүрлі, ұлттық танымдарды жаңғыртады.

Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көркем проза шебер суреттей білген қаламгер қазақ әйелінің болмысын дәстүрлі әрі ұлттық танымда суреттеп, образдар галереясын бере білген. Осыған сәйкес зерттеудің негізгі бағыты бүгінгі әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулермен, сонымен бірге қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық таным мәселелерімен тығыз байланысты. Зерттеудің ғылыми маңызы әйел қаламгер Айгүл Кемелбаева прозасындағы гендерлік таным көріністерін образдар жүйесінде, сонымен авторлық позиция тарапынан қарастыруға мүмкіндік беруінде. Зерттеу жұмысының маңыздылығы алынған нәтижелер қазіргі қазақ прозасын, сонымен бірге әдебиеттегі гендерлік зерттеулерді оқытуда пайдалы бола алады.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ әдебиетіндегі гендерлік талдау әйел бейнесінің уақыт өте келе өзгеріп отырғанын, әсіресе оның әлеуметтік, тарихи өзгерістермен байланысты екенін көреміз. XX ғасырдың басында «отарлық» кезеңде жазылған қазақ романдарында, мәселен, «Ақбілек» романында әйелдердің білімге, теңдікке қол жеткізе бастауы беріледі. Осы ретте қазақ әйелдерінің таптаурындардың құрбан болғанымен қатар, ұлттық жаңғыру символы ретінде сипатталады [7, 815]. Кеңестік кезеңде және посткеңестік дәуірде әйел образы көркемдік трансформациясы жүзеге асып, авторлар әйелдер дүниетанымын, ұлттық мінез-құлқын қайта бейнеледі. Бұндай өзгерістер ислам мәдениетінен кеңестік кезеңге, одан кейін посткеңестік болмысқа ауысу үдерістерін бейнелейді.

Зерттеу А.Кемелбаева прозасындағы гендерлік таным көріністерін айқындауға бағытталғандықтан гендерлік дискурстық талдау, гендерлік-психологиялық талдау әдістеріне сүйенеді. Гендерлік зерттеу жыныстық айырмашылықты биологиялық негізде емес, мәдени әрі әлеуметтік аспектіде қарастыруға мүмкіндік беретін зерттеу парадигмасы. Зерттеудің

басты теориялық негізі – Дж.Батлердің гендердің дискурстық құрылымы жайлы пайымдаулары. Бұл концепция әдебиеттегі әйел бейнесін мәдени әрі тілдік репрезентация ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [8, 78]. Э.Шоуолтер әйел жазушылар туындылары өзіндік дербес эстетикаға ие деген пікірде, сонымен бірге арнайылап қарастыру жайына мән береді [9, 91]. Осы негізде А.Кемелбаева прозасы әйел образдарының көркем ойлау ерекшеліктерге, сондай-ақ туындыда психологиялық суреттелуі ерекшелікке толы екенін көреміз. Гендерлік дискурстық талдау мақсаты – әдеби мәтіндегі гендерлік мағынаның баяндалуы, символдық жүйесі, авторлық позициясы сынды белгілерді анықтау. Осы негізде көркем мәтінде гендердің, әсіресе әйел образының репрезентациясы мәдени код ретінде қарастырылатынын көреміз. Бұл зерттеу әдісі:

1. Гендерлік зерттеулерді ұлттық әдеби талдау үлгісіне біріктіреді;

2. Әйел бейнесінің объект немесе тип емес, субъект деп пайымдайды;

3. А.Кемелбаева прозасын әйелдік жазу поэтикасында қарастырып, әйелдік болмысты, танымды түсінуге, айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында салыстыру, сипаттау, интерпретациялық талдау әдістері жүзеге асып, қазіргі қазақ прозасындағы әйел образы жан-жақты қарастырылған. Айгүл Кемелбаева прозасы әйел қаламгер аспектісінде жан-жақты талданып, ұлттық таным аспектісіндегі маңызы айқындалды.

Қазақ әдебиетіндегі гендерлік бағыттағы зерттеулер – заман талабынан туындаған құбылыс. Бұл құбылыс тиісінше ХХІ ғасыр әдебиеті ерекшелігін анықтау, әйел қаламгерлердің ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан үлесін саралау гендерлік зерттеулерге сұраныс туғызды. Әдебиеттегі гендер мәселесі «әйел теңдігі» тақырыбымен ғана байланысты емес, әйел мен ер бейнелерінің трансформациясын, гендерлік стереотиптерді де қамтиды. Осылайша гендерлі зерттеулер гуманитарлық ғылымда әйел мен ер адам табиғатын, қоғамдағы орны мен мәдени репрезентациясын жаңа қырынан зерделейді. Зерттеушілер Д.М. Ищанова, Ж.Р. Сладкевич әдебиеттегі гендердің суреттелуі: кейіпкер мінезі, әлеуметтік орны немесе мәртебесі, мәдени ортасы, мәтіндегі символдық жүйе сынды белгілермен байланысты деген тұжырымды ұсынады [10, 164]. Зерттеуші Е.Адаева қазақ әдебиетінде әйел образының суреттелуі стереотиптермен байланысты екенін айтады. «Көркем шығармалардағы қазақ әйеліне тән гендерлік стереотиптерге негізінен мыналар жатады: сезімтал, мейірімді, тартымды, қамқор ана, еріне бағынышты, отбасының ұйытқысы, эмоциясы басы, әлеуметтік белсенділігі төмен, біреудің қорғауына зәру, көнбіс, төзімді, құрбан. Бұл гендерлік стереотиптер мәтінде ашық және кейде жасырын түрде көрінеді» [11, 87], – деп зерттеуші Е.Адаева қазақ әдебиетіндегі қазақ әйелінің суреттелуіне қатысты ұлттық дүниетаным түсініктерін, таптаурындарын көрсетеді. Осылайша қазақ әйелінің суреттелуі, жалпы гендерлік тақырыптар өзекті арна екенін топшылаймыз. Ендігі кезекте Айгүл Кемелбаева прозасындағы әйелдер образына тереңірек тоқталсақ.

## НӘТИЖЕЛЕР

«Ер Тәстіктің дүниеге келуі» әңгімесі – постмодернистік тәсілмен жазылған, сонымен бірге ұлттық дүниетанымды негіз еткен туынды. Әңгімеде Күнбаланың әмеңгерлікпен қайын ағасына қосылуы, жарық дүниеге көптен күткен ұл баланың келуі суреттеліп, қазақы дүниетанымдағы әйелдің мәртебесін айқындай түседі. Әңгімеде: «...Күнбала ыза буғанда көп толғанып жатпады. Аяқастынан әмеңгерін тапты. Ол марқұм жарының түтінін өшірмеуге, ақ адалын малын бөтенге талатпауға бекінді. Ертеңі бұлдыр түлкі құйрық дүниені тазы болып шалуға нар тәуекел еткені. Күнбала әмеңгерге лайық күйеу осы деп бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, әл үстінде жатқан егде Шоқайды таңдады» [12, 21], – деп Күнбаланың таңдауы анық беріледі. Шығармада әйелдің ұрпақ жалғастығын ойлауы, шежіренің үзілмеуі тақырыптары көтерілген. Отбасындағы әйелдің орны қазақы дүниетаныммен астасып жатыр. Қазақы дүниетанымда қалыптасқан түсінік бойынша әйел отбасын сақтап, шежіреде ұрпақтың жалғастығын қамтамасыз етеді. Мәселен әңгімедегі мына үзінді: «...Әттең інісі жас кетті.

Күнбала келін көрегенді жердің адал сүт емген қызы болса да, әйелдің сұлтаны атанса да, ұл тууға жарамды. Келіннің кілең қыз тапқанына іші ашиды» [12, 20], – деу арқылы ұлттық дүниетанымдағы қалыптасқан түсінікті шегелей түседі. Қазақтың салты бойынша жесір қалған әйел сол әулетте қалуы тиіс. Осы ниетте ағайындас туыстары әменгерлікке қарсы еместігін білдіріп, тіпті Алыбай әулетінің байлығын иемденуді көздейді. Осы тұста Күнбала басты әйел-образ ретінде үлкен шешім қабылдап, өзін, қыздарының жайын ойлайды. Өйткені ағайындарының көздегені олардың амандығы емес, керісінше Алыбай әулетінің қазынасы еді. Осы мақсатта ауыр хәлде жатқан қайын ағасы Шоқайға ем-дом жасап, емдеп алады. Әңгімеде: «...Әйел-ана панасыз қалған ұрпағын қалай қорғаштауды біледі» [12, 28], – деу арқылы беріледі. Осылайша қазақ әйелінің бойындағы даналық, ұрпақ жалғастығын сақтап қалу Күнбала образы арқылы сомдалып, дәстүрлі танымдағы әйелдің мәртебесі көрінеді. Осылайша Күнбала әулеттің қамқоршысына айналып, қазақ әйелінің ақылды, дана образын айқындай түседі.

«Ереймен мен Ақынай» әңгімесінде соғыстан кейінгі ауыл тұрмысы суреттеліп қана қоймай, қазақ әйелінің даналығын, жарының шаңырағын құлатпай күткен адал болмысы беріледі. Ереймен соғысқа аттанып, араға он жыл салып оралады. Осы он жылда Ақынай оның шаңырағын құлатпай, Ерейменнің атына кір келтірмейді. Әңгімедегі: «...Ереймен 1939 жылдың күзінде әскерге алынып, ғайыптың құсындай із-түзсіз жоғалған еді. Соғыста ел оны өлдіге санаған, ақыры жаназасы сыртынан шығарылып, он шақты жыл ішінде жесірі Ақынай жұма сайын дұға тие берсін деп ырымын жасайтын» [12, 86], – деген жолдар Ақынайдың жарын амандығына сенгені, сарыла күткені де аңғарылады. Дегенмен автор тарапынан Ақынай образына тән даналық оның тектілігінде жатқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде авторлық позицияның ұлттық дүниетаныммен байланысын айқындайды. Ереймен ауылына оралған соң Ақынайдың көрісу жырын арнауы жұрттың көңілін босатып жібереді. Әңгімеде: «...Ақынай соғыстан беті қаралы жас келіншек еді, өзі жоқтың көзі жоқ деп солқылдақ күй кешпеген. Мінезі адуын, атасы текті. Ақынайдың Ерейменмен жылап көріскені елдің көкірек шерін ағытып, мүлгіген моладағы аруақтарды бір аунатып жатқызғандай болды» [12, 87], – дегенде Ақынайдың адуын мінезі барын, күйеуінің шаңырағын құлатпай отыруы осы мінезі мен тектілігіне жатқанын көреміз. Ел ішіне оралған Ереймен колхозда қойшының көмекшісі болып орналасып, тірлігін жалғастырады. Арасында соғыста, одан кейін тұтқында көрген қиыншылықтарын ұмыту үшін арақ ішіп қойса, ұстамасы ұстап құлайтыны бар. Бұны Ақынай жақсы біледі, ішкенін білсе дереуі соңынан ұмтылып, үйіне алып келеді. Ереймен не бүлдірсе де, Ақынай теріс қарамай, керісінше күтімін жасайды. Бұған себеп әңгімедегі мына үзінді болса керек: «...Қарағым, Ереймен, сен мына шаңырақтың тірегісің ғой, балалар қорқып қалды ғой» [12, 90], «...Ереймен, сен асыраушысың, бала-шағаның күні саған қарап отыр ғой...» [12, 91], «...Сен болмасаң күніміз қараң, Ереймен...» [12, 92], – дегенде Ақынай үшін ер адамның орны жоғары екені байқалады. Қазақы дүниетанымда ерді құрметтеу, бір саты жоғары қою ұстанымдары қалыптасқан. Әңгімеде де осы ұстаным анық көрініп, негізгі мазмұндық арнаны құрайды. Әңгіменің соңында Ереймен мен Ақынай ұрпақтары білімді әрі көреген азаматтарға айналғаны айтылады. Бұл өз кезегінде Ақынайдың көрегендігін, даналығын танытып, ұрпақ тәрбиесіндегі орнын көрсетеді. Соғыстан жарымжан көңілмен оралған Ерейменді ел тірлігіне араластырып, балаларының алдында мәртебесін көтеріп отырған Ақынайдың еңбегі зор. Осы негізде Ақынай образы – қазақы дүниетаныммен сусындаған, жарының мәртебесін ойлайтын қарапайым қазақ әйелдерінің жиынтық бейнесі. Ақынайдың тектілігі әңгіменің негізгі арнасын құрайды. Мәселен: «...Арғында тегіне ақындық кие қонған Тоқаның қызы ғой...», «...Мұстафаның қызы Ақынай» [12, 87], – деген жолдардан аңғарылатын тектілік Ақынайдың бойынан табылып, отбасын сақтап, жарын қадірлеуде маңызды саналады. Осындай текті жердің қызы Ақынай тұтастай әулеттің бірлігін сақтап, негізін қалады.

Зерттеуші Ұ.Сәменқызы әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістің жақсы үлгісін танытатынын, сонымен бірге ондағы ұлттық негіз, ұлттық құндылықтың жоғалмауы маңызды екенін көрсетеді. Автордың шығармашылық концепциясында ұмытылып бара жатқан дүниетанымның көне бастауларын, халықтық салт-дәстүрлерді жаңғырту идеясы

айқын көрінеді. Қазіргі ұрпақ өз тамырынан алыстап бара жатқанын жазушы алаңдаушылықпен сипаттайды. Байырғы танымнан қол үзу – ұлт болашағына қауіп төндіретін құбылыс болып саналады. Бұл үрдісті автор Тәуелсіздік алған кезеңнен кейінгі әлеуметтік-мәдени өзгерістермен байланыстырады, себебі тоталитарлық кезеңде халықтың шынайы тарихы мен мәдени ерекшеліктері қалыптастыруға мүмкіндік берілмеген [3, 61]. Автордың әңгімелері идеялық, жанрлық және стильдік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Шығармалардың мазмұны мифтік-мистикалық элементтер арқылы әртүрлі көрініс табады. Автордың әңгімелерінде этнографиялық білімге негізделген халықтық-ұлттық идеялар мен дәстүр-салт көріністері кеңінен бейнеленіп, шығарманың мазмұнын байытады. Сонымен қатар, ол ауыз әдебиеті үлгілерін шебер қолдана отырып, өзіндік тілдік стиль қалыптастырады.

Әулетімен мың жасап, асқан даналығымен ел ауызында қалған әйелдер бейнесі «Ханымбике» әңгімесінде көрінеді. Ханымбикенің даналығы, даралығы текті жердің қызы екенін берілген: «...бәсентиін Қазанғап бидің қызы» [12, 214]. Бұл тұста әкенің қызын қамын ойлап, болашақ жар таңдауда ерік беруі де әке мен қызы арасындағы терең байланысты көрсетеді. Әкесі Қазанғап би қызының аз күн қонақ екенін ескеріп, үкілеп өсірген қызғалдағын құтты орнына қондыруға ниетті еді. Осы орайда қызының қалауын білуге қадам жасауы әкесінің өзінің болашағын ойлағаны деп білді. Бұл әңгімеде өте нәзік түрде берілген: «...Ханымбикенің анасы қызының ұшар құстай қомданған кейпін байқап, қайран қалды. Анасы ерке өскен қызына әкесінің сөзін айнытпай жеткізген. Әкесі еркіне рұқсат бергенін, жаны қаламайтын күйеуге жетектетіп қоя бермесін түсіне қойған Қыз Ханымбике өз таңдауын жасады» [12, 214]. Таңдауы аян түсінде көрген Айтқожа болды. Аян түс көріп, айтқаны айнымай келетін Ханымбикенің бейнесі әңгімеде былай берілген: «...Қасиетсіз адам жаратылмайды, Қыз Ханымбикенің айтқаны айдай келеріне ата-анасы талай көз жеткізді. Жас қыз күн жадын дәл болжап, өрістегі малдың жайылымына еркек балалардан бетер ықыласты, жайлауға көшкенде сойыл ұстап жылқы айдасады, аттан түспейді, мінезі қайсар әрі төзімді» [12, 215]. Арада біраз уақыт өтсе де арада сәбидің болмауы Ханымбикенің уайымын күшейте түскен. Айтқожа ел арасына мырзалығымен, байлығымен беделді. Алайда ұрпағының болмауы ағайындас, тілеулес жұрттың да уайымы болды. Бұндай сәтте тілеулес жанның бірі Хангелді үлкен міндет арқалап, Ханымбикеге ойын жеткізеді. Ұрпақ жалғастығының маңызы әңгімеде мына жолдардан байқалады: «...Ер ажалы қатыннан деп бекер айтпаған. Тұқымы өспеген тірі өліммен тең. Атасы текті деп алғаныңды әлі күнге алақаныңа салып ардақтап келесің. Байлаусыз дүние жұлдыздай ағып өте шығады. Арғың атаң Тілеуімбетке тартып кісі сөзіне иланбайсың, бір қисайсаң түзелмейсің. Келін сөз ұқпас кісің емес, қалыңын беріп қыз алсаң қарсы болмайды, өзге тірлік жаса» [12, 221], – делінеді.

Ұрпақ жалғастығы әңгімеде полифониялық тәсілмен, яғни қатарласа беріліп отырған Тілеуімбет оқиғасымен сабақтасып жатыр. Ұрпағын түгелімен қырып ала жаздаған Тілеуімбет батыр – Айтқожаның аталас туысы. Бұл арқылы тұқымда, шежіреде болған оқиға ұрпағына әсер етпей қоймайтыны, мінәжат ету қажеттігі көрінеді. «...Адам рухқа лайық іс қылмаса ақыры тұқымы азып құриды» [12, 220], – дегенде ұрпақ жайына, негізіне мән беріп, қазақы дүниетанымды алдыға шығарады. Қазақтың текті жерден қыз алуға, құдандалы болуға тырысуы – келешек ұрпақтың қамы. Текті жердің қызы Ханымбике қайын ағасы Хангелдінің сөзінен соң алты ай Қожа Баһауалдин мазарының басында құдайға құлышылық қылып, медет тілеп, ауылына оралады. Еліне келген соң жеті ұл тауып, алты рулы елге айналады. Осылайша қазақтың дүниетанымындағы текті жерден қыз алуының мәнісі «Ханымбике» әңгімесінің негізін құрайды.

Әңгімедегі Ханымбике образы – қазақы дүниетаныммен сусындаған, тұтас рудың қамын жеген әйелдің бейнесі. Айтқожа балаларының алты аталы елге айналуында Ханымбикенің тектілігі, даналығы, әулиелігі маңызды рөл саналады. «...Ханымбикенің қыздары анасына тартып, шырайлы, әдепті болып өссе, ұлдары ел қорғаған батырлығымен даңқы шықты» [12, 222], – деп әйел адамның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын айрықша суреттейді. Бұл арқылы әйелдің отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, тұтас ру шежіресінде ойып тұрып орын алатындай мәртебесін көреміз.

«Әулиебұлақ» повесі – қазақ әйелдерінің, соның ішінде ана, ене, келін, қыз, бойжеткен образдарының галереясын қамтитын шығарма. Бұндағы әрбір әйел отбасының тұтастығын сақтауға тырысып, үнемі тілеулестік танытып жүреді. Шығармада Әбдіхамит (Тарбақ) пен Нұржан әулеті суреттеледі. «Әулиебұлақ» повесінің басты тақырыбы – Құсман мен Тоқтан атты ағайындылардың бала кезден бастап өмірден көрген оқиғалары, олардың бауырмалдық және жақындық қатынастары арқылы туыстық құндылықтардың бейнеленуі. Шығарма кең дала, жайлау, дархан табиғат ортасында өскен балалардың еркін өмірі туралы эпизодпен басталады. Оқиға желісі мен кейіпкерлердің өмірі, туыстық байланыстары, ататегі, мекендері, кәсіптері, дәстүрі, жазылмаған дала заңдары сияқты элементтер арқылы кеңінен көрінеді. Мұны автор әңгіме ішіндегі әңгіме, реминисценция, аңыз-әңгімелер, мифтерге сілтемелер және интермәтінділік әдістері арқылы жеткізеді. Повесте ұрпақтан ұрпаққа жететін жеті атаға дейінгі шежірелер толық берілген. Мысалы, Тарбақ ақсақал мен Нұржан апаның арғы-бабалары мен үрім-бұтақтары сипатталады. Дегенмен шығарманың басты мақсаты – жеке отбасының тарихын баяндау емес, сол арқылы қоғамдағы туыстық, ағайындық қатынастарды сақтау және олардың маңызды рөлін көрсету болып табылады. «Әулиебұлақ» повесі тарихи-этнографиялық мәліметтер арқылы қазақ қоғамындағы туыстық қатынастарды жаңғыртуға және олардың қазіргі әлеуметтік маңызын көрсетуге бағытталған. Шығарма арқылы автор оқырманға ұрпақ сабақтастығы, отбасы мен ру дәстүрінің қоғамдағы орны туралы ой салуды мақсат етеді.

Нұржан образы – әулеттің, шаңырақтың тұтастығын ойлаған ананың, ененің бейнесі. Туындыда: «Тайсеміздің қызы Нұржанды бес жас кіші қайынысы, Бодауханның інісі Төлеуханның ұлы Әбдіхамитке қосқан» [12, 344], – дегенде Нұржан ана жастай жесір қалып, қайын інісі Әбдіхамитке қосылуы кейінгі ұрпақты жатсынудан, түп негізінен айырмауды көздеген халықтық таным жатыр. «Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген ұстаным арқылы әмеңгерлік салтпен ұрпақ негізін сақтау танымы көрінеді. Кенжеғаным – идеал-келін образында танылатын кейіпкер. «...Нұржан бәйбіше омырауынан сүт шықпай, баланы он күндей бұрын қыз туған келінінің бауырына салып берді. Кенжеғаным екі нәрестені қатар емізді» [12, 345], «...Туыстар жиылып, өзара келісіп, баланы Кенжеғанымға қолайлады. Кенжеғаным абысынының жас баласын алуға қарсы болмады. Оразханның үйі қой сойып, бауырсақ пісіріп, бала асырап алудың салтымен қонақ күтуге дайындалды» [12, 348], – деген үзінділерде Кенжеғанымның енесінің баласы Құсманды емізіп, ағайындарының баласы Амангелдіні бауырына салуы идеал-келін, идеал-ана саналады. Өзегін жарып шықпаса да Құсман өзінің баласындай ерекше еді. Тіпті Құсман қазасы алдында аян түс көріп, бір қауіптің боларын сезеді. Сондай мейірімнің, даналықтың бастауы болған Кенжеғаным кең пейіл келіннің образында сомдалады. Аталған кейіпкерлерге қарама-қарсы сомдалатын кейіпкер – Қамаш образы. Құсманның жары Қамаш қала тәрбиесін көрген, автор тарапынан салқынқанды суреттеледі. «...Құсман үйленген, келіншегі Құсманмен жасты, бір мектеп-интернатта оқыған, екеуі де студент. Интернатта би кешінде Қамаштың мойнындағы шарфы Құсманға ілініп қалған, екеуі сөйтіп танысты. Анасы ерте қайтыс болып, әжесінің қолында өскен қыз» [12, 382], «Құсманның екі жасар қызы келіншегінің әжесінде болып, анасы баланы көре алмағанына ренжіп кетті, Нұржан ұлына: «Келінім немеремді өзіме иіскетпеді, ауру жұғады деді ме?!» – деп айтып салды» [12, 382], – дегенде әулетке сыйыса алмаған Қамаштың образы қарама-қайшылықта сомдалып, Нұржан мен Кенжеғаным образдарына қарсы суреттелген. Одан бөлек шығармада Тоқтанның образы кішкене күнінен бастап, ересек кезге дейін беріліп, оның бейнесінен қыз баласының тілеулес ниеті анық көрінеді. Құсман мен Тоқтан егіздер тәрізді бірінен-бірі айрылмайтын. Тіпті шығармада: ««Тоқтан бірге өскен бауыры Құсманды ұмытпай өле-өлгенше айта беретін. Тоқтан қайтыс боларында баласына: «Мені Құсманның қасына қойыңдар», – деп өсиет айтты. Бала кезінде Тоқтанның кіші қызына Құсман өлмеген адам сияқты сезілетін» [12, 387], – деп берілуі Тоқтанның асқан бауырмалдығын, отбасының тілекшісі екенін көрсетеді.

Повесте қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік орны кең көлемде ашылған. Нұржан жеңге, ана, бәйбіше, ене, әже рөлдерін жинақтаған образ болса, Кенжеғаным келін, ана, өкіл

ана рөлдерімен, сонымен бірге «инабат», «парасат» сынды құндылықтармен ерекшеленеді. Нұржан мен Кенжеғаным арасындағы сыйластық – отбасы берекесінің өзегі. Бүтіндей Наз әулетінің, оның ішіндегі Оразхан үйіндегі кең дастархан, балаларға деген қамқорлық, аманатқа адалдық Кенжеғанымның ішкі болмысын сомдап, қайырымды, мейірімді бейнесін көрсетеді. Құсманның қазасына қатты қайғырып, жан күйзелісіне түсуі қазақ қоғамындағы келіннің дәстүрлі әрі типтік сипатын айқындайды. Шығармадағы Қамаш бейнесінің жағымсыз кейіпкер әрі «кесір келін» аспектісінде берілуі отбасындағы туыстық байланысты әлсіретіп, ұлттық құндылықтардың дағдарысын көрсетеді. Дәстүрлі танымды бұзып, жаңа заман адамы ретінде көрінетін Қамаш образы қоғамдық өзгерістерің кең өрісі алғанын жеткізеді.

## ТАЛҚЫЛАУ

Айгүл Кемелбаева прозасындағы әйел бейнесі – отбасының немесе тұрмыстың субъектісі емес, ұлттық жадтың, рухани құндылықтың жүйесін сақтаушысы. Гендерлік дискурс теориясы тұрғысында жазушы шығармаларында патриархалдық, яғни дәстүрлі мәдени кеңістікте әйелдің орны мен миссиясы әлеуметтік рөлдермен ғана шектелмей, әйел бейнесі ұлт руханиятының, танымының жеткізушісі ретінде көркем мәтінмен ұласады. Жазушының гендерлік ұстанымы мен мәтіндегі образдар оқырманның мағына жасау үдерісіне әсерін тигізеді [13, 209]. Бұл ретте әйел кейіпкерлер әлеуметтік рөлден бөлек мәдени пен көркем мәтін тоғысында қалыптасқан символдық жүйеге айналады. Әйел образындағы дәстүр мен миссия Күнбала образында танылады. Ұрпақ жалғастырушы әйел миссиясын иеленген Күнбала – қоғам алдындағы жауапкершілігін сезініп, әмеңгерлікпен Шоқайға қосылуы әулет жалғастығының этномәдени мәнін терең түсінген әйел образы. Автор Күнбаланы «өзін құрбандыққа шалған объект» емес, таңдау жасай білетін субъект ретінде көрсетеді. Символдық аспектісінде Күнбала – тектіліктің, аналық архетиптің жалғастырушы. Ақынай образы ерінің абыройын қорғаушы, отбасылық құндылықтардың тірегі. Әлеуметтік иерархияда жарынан төмен тұрса да, көркем мәтін кеңістігінде, символдық аспектіде беделінің жоғары екенін көреміз. Ақынай образы арқылы әйел бағынышты кейіпте емес, өз қалауымен ерін жоғары қоя білген кейіпкердің болмысы сомдалады. Аналық архетип Ханымбике образында рудың болашағын айқындайтын тектілікпен байланысты. Ханымбике тек ана кейіпінде ғана емес, ұрпақтың қамын ойлайтын, әлеуметтік үйлесімін сақтайтын кейіпкер ретінде сомдалады. «Әулиебұлақ» повесіндегі әйелдер образы қазақ әйелінің әр түрлі типтерін құрайды. Дәстүрлі танымдағы әйел бейнесі Нұржан, Кенжеғаным образындарында, заманауи аяда сомдалуы Қамаш образында көрініс тапқан.

Айгүл Кемелбаеваның прозасындағы гендерлік таным әлеуметтік теңдікті талап етпесе де, билікке ұмтылмаса да, рухани беделі жоғары, шешім қабылдауда белсенді, ұлттық жадтың жеткізушісі (трансляторы), отбасы жүйесінің өзегін құрайды. Посткеңестік дәуірдегі әйел бейнесі – ұлттық бірегейліктің жаңғыруының айқын көрінісі. А.Кемелбаеваның прозасындағы кейіпкерлер гендерлік танымда мынадай мазмұнда анықталады: әулет, шежіре, тектілік, ұрпақ жалғастығы.

Берілген шығармаларда әйел адам тек отбасы мүшесі ғана емес, ұлттық дүниетанымның тірегі, әулеттің берекесі, шежіренің үзілмеуін қамтамасыз етуші тұлға деп суреттеледі. Гендерлік дискурс тұрғысынан алғанда, әйелдің рөлі ұрпақ тәрбиелеу, шаңырақтың киесін сақтау, тектілік институтын жалғастырумен тікелей байланысты. А.Кемелбаева прозасындағы әйел бейнелерінің ұрпақ сабақтастығы мен руды сақтаудағы рөліне гендерлік талдау 1-кестеде берілген.

1-кесте. А.Кемелбаева прозасына гендерлік талдау.

Кейіпкер	Шығарма	Гендерлік рөлі, ұрпақ сабақтастығындағы үлесі
Күнбала	«Ер Төстіктің дүниеге келуі»	Әмеңгерлік салтты сақтаушы. Өзін емес, әулеттің мүлкін бөтенге таратпауды және жарының «түтінін өшірмеуді» мақсат етеді. Ұрпақ жалғастығы үшін саналы түрде шешім қабылдайды.
Ақынай	«Ереймен мен Ақынай»	Жарын он жыл күтіп, шаңырағын құлатпайды. Балаларын білімді, көреген етіп тәрбиелеп, соғыстан жарымжан көңіл болып оралған ерінің беделін балаларының, ауыл тұрғындарының алдында көтеріп, асқактатады.
Ханымбике	«Ханымбике»	Рудың негізін салушы. Тек ана емес, тұтас алты рулы елдің бастауында тұрған киелі бейне. Оның тектілігі мен мінәжаты ұрпақтың азып-тозбауына себепші болды.
Нұржан	«Әулиебұлақ»	Әулет бірлігін сақтаушы ана. Балаларының өз ортасында, түп-тамырынан ажырамай өсуі үшін әмеңгерлік жолмен қайын інісіне қосылып, әулеттің тұтастығын сақтайды.
Кенжеғаным	«Әулиебұлақ»	Идеалды келін және мейірімді ана. Бауырлары мен туыстарының балаларын бауырына басып, туыстық байланысты нығайтатын «алтын көпір».

Айгүл Кемелбаева прозасындағы гендерлік таным мынадай аспектілерде айқын көрінеді:

1. Әмеңгерлік – руды сақтау механизмі. Күнбала мен Нұржан образдары арқылы әмеңгерлік салтының әйелді қорлау емес, жетім мен жесірді жылатпау, қаңғыртпау, ұрпақты жатсынудан сақтаудан көрінеді.

2. Тектілік. Шығармаларда әйелдің текті жердің қызы болуына баса назар аударады. Мәселен Ақынайдың, Ханымбикенің бойындағы даналық, даралық олардың ата-бабасынан келген қасиет деп танылады. Бұл әйелдің ру шежіресіндегі маңызды қызметін, генетикалық кодты сақтаушы рөлін анықтай түседі.

3. Тәрбие және ер адамның мәртебесі. Ақынай бейнесі арқылы әйелдің ер адамды құрметтеуі әлсіздік емес, балалардың көз алдында әкенің, яғни әулет иесінің беделін сақтау арқылы ұрпаққа дұрыс тәрбие беру.

4. Дәстүрден алшақтау қаупі. Қамаш бейнесі арқылы автор ұлттық өзектен ажыраған, әулет құндылықтарын түсінбейтін «қалалық тәрбиенің» ұрпақ сабақтастығына қауіп төнетінін ескертеді. Бұл гендерлік тұрғыдан әйелдің отбасылық байланыстарды үзуші немесе жалғаушы ретінде жауапкершілігін танытады.

«Әулиебұлақ» повесіндегі Қамаш образының Нұржан мен Кенжеғанымға қарама-қарсы (антипозицияда) сомдалуының басты себебі дәстүрлі ұлттық құндылықтар мен жаттанды заманауи түсініктің арасындағы қайшылықты көрсету.

Шығармаға сүйене отырып, бұл қарама-қайшылықтың негізгі себептерін мынадай бағыттар бойынша талдауға болады:

Әулеттің тұтастығы мен туыстық байланысқа көзқарас. Нұржан мен Кенжеғаным – әулеттің тұтастығын бәрінен биік қояды. Нұржан ұрпағының түп негізінен ажырамауы үшін әмеңгерлік жолды таңдаса, Кенжеғаным абысыны мен енесінің балаларын емізіп, бауырына салады. Олар үшін бала – бүкіл әулеттің ортақ қазынасы. Қамаш – керісінше, әулетке сыйыса алмайды. Ол өзін үлкен әулеттен бөлектеп ұстауға тырысады. Бұл «жекешілдік» қасиет қазақы «бауырмалдық» ұғымына қайшы келеді.

Дәстүрлі тәрбие мен қалалық тәрбиенің қақтығысы. Тектілік пен халықтық таным Нұржан, Кенжеғаным образдарымен тұтасып жатыр. Нұржан мен Кенжеғаным – халықтық салт-дәстүрді, «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген сияқты дала заңдарын ұстанатын, мейірім мен даналықтың бастауы. Қалалық тәрбие қазіргі заманауи тәрбиемен байланысты. Қамаш – қала тәрбиесін көрген, мектеп-интернатта өскен кейіпкер. Оның болмысынан автор

«салқынқандылықты» көреді. Ол ұлттық тамырдан алшақтаған буынның өкілі ретінде сипатталады.

2-кесте. «Әулиебұлақ» повесіндегі кейіпкерлерді салыстыру.

Салыстыру	Нұржан және Кенжеғаным образдары	Қамаш образы
Образдардың типі	Идеалды ана, идеалды келін бейнесі	Әулетке сыйыса алмаған салқынқанды келін
Мақсаты	Ұрпақты жатсынудан, түп негізінен айырмау	Қалалық тәртіп
Балаға көзқарас	Ағайын баласын бауырына салу, ортақ тәрбие	Баланы әулеттен оқшаулау
Дүниетаным	Ұлттық таным мен әулет шежіресін сақтау	Заманауи, бірақ ұлттық негізден ажыраған түсінік

Автор Қамаш образын Нұржан мен Кенжеғанымға қарсы қою арқылы қазіргі ұрпақтың өз тамырынан алыстап бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Қамаш бейнесі – ұлттық дүниетанымның көне бастауларынан қол үзудің нәтижесінде пайда болған «рухани салқындықтың» символы. Осылайша қазақ прозасындағы әйел образының сомдалуы ұлттық таныммен, шежіремен, тектілікпен, салт-дәстүрмен (әменгерлік) тікелей байланысты. Гендерлік дискурс аясында Айгүл Кемелбаева прозасындағы әйел бейнесі, гендерлік таным шаңырақтың иесі, рудың киесі деген дәріштеу көрінеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келгенде, Айгүл Кемелбаеваның прозалық туындыларында қазақ қоғамындағы әйел образы дәстүрлі дүниетаныммен, ұрпақ жалғастығы мен отбасы тұтастығын сақтауға бағытталған құндылықтармен тығыз байланысты бейнеленеді. Зерттелген мәтіндердегі Күнбала, Ақынай, Ханымбике, Нұржан, Кенжеғаным сынды кейіпкерлер – әйелдің тек тұрмыстық не отбасылық кеңістіктегі жай кейіпкер емес, керісінше мәдени жадтың, рухани-адамгершілік тұрақтылықтың басты сақтаушылары екенін дәлелдейді. Олардың шешім қабылдау, тәуекел ету, отбасының ғана емес, тұтас әулеттің болашағын ойлау жолындағы әрекеттері дәстүрлі қазақы таныммен астасып жатыр.

Әңгімелерде әйел – ұрпақ сабақтастығының кепілі, әулеттің намысын, абыройын, тіршілігін ұстап тұрған тұлға. Бұл, бір жағынан, аналық миссиямен сабақтасса, екінші жағынан, моральдық көшбасшылықты да қамтиды. Мәселен, Күнбаланың әменгерлікке қатысты шешімі, Ақынайдың жарын күтіп, оның жұрт алдындағы мәртебесін сақтауға ұмтылуы, Ханымбикенің тектілік құндылығын алға шығарып, ұрпақ үшін рухани жауапкершілік арқалауы әйел рөлінің жаңа қырын көрсетеді. Ал Нұржан мен Кенжеғанымның мейірімге, кең пейіл мен бауырмалдыққа негізделген тұлғалық болмысы отбасылық гармонияның тірегі ретінде ашылады. Сонымен бірге, Қамаш образы арқылы дәстүрлі орта мен жаңа әлеуметтік модель арасындағы қайшылық та көрініс табады. Бұл гендерлік қатынастардың статикалық емес, тарихи-мәдени өзгерістерге икемделетін күрделі құрылым екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, талданған шығармаларда әйел бейнесі тек гендерлік категория ретінде емес, ұлттық рухани кодтың тасымалдаушысы ретінде ұсынылады. Әйел бейнесі арқылы автор отбасы, туыстық қатынас, тектілік, шежіре, ұрпақ қамы сынды ұғымдарды жаңғыртып, қазіргі оқырман санасында ұлттық құндылықтардың мәнін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Осылайша гендерлік зерттеу тұрғысынан бұл туындылар қазақ әдебиетіндегі әйел образының кең ауқымды, көпқырлы әрі философиялық маңызы зор феномен екенін айқындайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ісімақова А.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақалалар). Монография. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
- 2 Балтабаева Н.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 288 б.
- 3 Сәменқызы Ұ. Көркем шығармадағы тұлға концепциясы (қаламгер және кейіпкер). 8D02314 – Әдебиеттану. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Астана, 2024. – 155 б.
- 4 Найманбаев А.А. Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі. 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. – 169 б.
- 5 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
- 6 Нұрғали Қ., Уайсбаева А.Л. Улицкаяның «Пики ханым» және «Голубчик» әңгімелеріндегі әлемнің гендерлік суретін жасау әдістері // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2024. – №1. – С. 179–188. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp179-188>
- 7 Abdigapbarova Zh. The Transformation of the Female Image in Kazakh Literature during the Colonial Era // XII International Research Symposium on the Turkic World, Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey, 2025, pp.811-818. <https://www.utudas.org/Defaultx.aspx?ID=336>
- 8 Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity / J. Butler. –Routledge, 1990. – 256 p.
- 9 Showalter E. The New Feminist Criticism: Essays on Women, Literature, and Theory / E. Showalter. – Pantheon Books, 1985. – 320 p.
- 10 Ishanova D.M., Sladkevich Zh.R. Problems of gender poetics in Kazakh literature // Keruen. – 2024. – №4, 85. – P. 157-168 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-12>
- 11 Адаева Е.С. Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2023. – №3. – Б. 85-101 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>
- 12 Кемелаева А. Таңдамалы: әңгімелер, повестер. – Астана: Фолиант, 2024. – 392 б.
- 13 Lanser S.S. Gender and Narrative. Handbook of Narratology: Vol. 1. – Berlin, 2014. – 505 p.

Материал 13.01.2026 баспаға түсті

### **Гендерное сознание в современной казахской прозе (на материале прозы А. Кемелбаевой)**

О.К. Султанғалиева<sup>1</sup>, \*А.Б. Абдуллина<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, Актау, 130000, Казахстан

<sup>2</sup>Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, 030000, Казахстан

*В статье рассматривается проблема гендерного сознания в современной казахской прозе. В литературоведении гендерные исследования определяются как маңызды бағыт, способствующий систематизации художественного мышления писателя и выявлению его значения в национальном мировоззрении. В исследовании образ женщины в прозе А. Кемелбаевой анализируется в контексте гендерного дискурса, при этом определяется его роль в национальном культурном пространстве. Женские образы у А. Кемелбаевой представлены как хранительницы национального сознания и шежире, как носительницы традиции и продолжательницы рода.*

*Научная значимость исследования заключается в том, что в статье рассматриваются последние труды, посвященные казахской литературе, а также осмысливается развитие гендерных исследований от советского периода до постсоветского времени, что*

*подчеркивает новизну работы. Кроме того, творчество А. Кемелбаевой впервые анализируется в рамках гендерного дискурса, и галерея женских образов подвергается всестороннему исследованию. В результате выявлено, что гендерное сознание в современной казахской прозе формируется через авторскую позицию, систему персонажей и полифонический художественный прием. Создавая женские образы, А. Кемелбаева опирается на национальное мировосприятие и представляет их как носителей национального кода. Ценность исследования определяется системным анализом литературного текста в аспекте гендерного дискурса.*

*Ключевые слова: гендерное сознание, дискурс, постмодернизм, авторская позиция, национальное мировоззрение.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ісімақова А.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақалалар). Монография. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
- 2 Балтабаева Н.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 288 б.
- 3 Сәменқызы Ұ. Көркем шығармадағы тұлға концепциясы (қаламгер және кейіпкер). 8D02314 – Әдебиеттану. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Астана, 2024. – 155 б.
- 4 Найманбаев А.А. Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі. 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. – 169 б.
- 5 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
- 6 Нурғали К., Уайсбаева А. Приемы создания гендерной картины мира в рассказах Л.Улицкой «Пиковая дама» и «Голубчик» // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2024. – №1. – С. 179–188. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp179-188>
- 7 Abdigapbarova Zh. The Transformation of the Female Image in Kazakh Literature during the Colonial Era // XII International Research Symposium on the Turkic World, Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey, 2025, pp.811-818. <https://www.utudas.org/Defaultx.aspx?ID=336>
- 8 Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity / J. Butler. –Routledge, 1990. – 256 p.
- 9 Showalter E. The New Feminist Criticism: Essays on Women, Literature, and Theory / E. Showalter. – Pantheon Books, 1985. – 320 p.
- 10 Ishanova D.M., Sladkevich Zh.R. Problems of gender poetics in Kazakh literature // Keruen. – 2024. – №4, 85. – P. 157-168 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-12>
- 11 Адаева Е.С. Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы.– 2023. – №3. – Б. 85-101 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>
- 12 Кемелаева А. Таңдамалы: әңгімелер, повестер. – Астана: Фолиант, 2024. – 392 б.
- 13 Lanser S.S. Gender and Narrative. Handbook of Narratology: Vol. 1. – Berlin, 2014. – 505 p.

Материал поступил в редакцию журнала 13.01.2026

### **Manifestations of gender consciousness in contemporary kazakh prose (based on the prose of A. Kemelbayeva)**

O. Sultangaliyeva<sup>1</sup>, \*A. Abdullina<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov, Aktau, 130000, Kazakhstan

<sup>2</sup>K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, 030000, Kazakhstan

*This article examines the issue of gender consciousness in contemporary Kazakh prose. In modern literary studies, gender research serves as an important framework for systematizing the writer's artistic worldview and determining its significance within the national cultural context. The study analyzes the representation of women in the prose of A. Kemelbayeva through the lens of gender discourse, revealing their role within the national cultural space. In Kemelbayeva's works, female characters function as guardians of national consciousness and genealogical memory (shezhire), as well as carriers of tradition and continuity of generations.*

*The scholarly relevance of this research lies in its consideration of recent studies in Kazakh literature and its conceptualization of gender research from the Soviet period to the post-Soviet era, which highlights the novelty of the work. Furthermore, the prose of A. Kemelbayeva is analyzed within the framework of gender discourse for the first time, and the gallery of female characters is examined comprehensively. The findings demonstrate that gender consciousness in contemporary Kazakh prose is articulated through the author's position, the system of characters, and polyphonic narrative strategies. In shaping her female protagonists, Kemelbayeva relies on national worldview frameworks and represents them as bearers of the national cultural code. The value of this study lies in the systematic analysis of literary texts within the paradigm of gender discourse.*

*Key words: gender consciousness, discourse, postmodernism, authorial position, national worldview.*

#### REFERENCES

1. Isimakova A.S. Tauelsizdik kezenindigi adebiattanu: (adebiet maqalary) [Literary Studies in the Period of Independence: (Literary Articles)]. Monograph. – Almaty: «Karatau KB» LLP: «Dastur», 2016. – 384 p. [in Kazakh]
2. Baltabaeva N.S. Tauelsizdik kezindeki kazak prozasynyn korkemdik alemi: Povester men angimelerge sholu, taldau [Artistic World of Kazakh Prose in the Period of Independence: Review and Analysis of Novels and Short Stories]. – Almaty: «Karatau KB» LLP: «Dastur», 2016. – 288 p. [in Kazakh]
3. Samenkyzy U. Korkem shygarmaga tulga kontseptuasy (kalamger zhane keiipker) [Concept of the Individual in a Literary Work (Writer and Character)]. 8D02314 – Literary Studies. PhD Dissertation. – Astana, 2024. – 155 p. [in Kazakh]
4. Naimanbaev A.A. Zhogary mektepte kazirgi kazak povesterindeki miftik sarynardy okytu adistemesi. [Teaching Mythical Motifs in Contemporary Kazakh Novels in Higher Education]. 6D011700 – Kazakh Language and Literature. PhD Dissertation. – Almaty, 2022. – 169 p. [in Kazakh]
5. Eleukenov Sh. Zamandas parasyty [Contemporary Wisdom]. – Almaty: Zhazushy, 1977. – 300 p. [in Kazakh]
6. Nurghali K., Uaysbaeva A. Priemy sozdaniya gendernoy kartiny mira v rasskazakh L. Ulitskoy «Pikovaya dama» i «Golubchik» [Methods of Creating the Gender Picture of the World in L. Ulitskaya's Stories «The Pique Lady» and «Golubchik»] // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2024. – №1. – P. 179–188. <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp179-188> [in Russian]
7. Abdigapbarova Zh. The Transformation of the Female Image in Kazakh Literature during the Colonial Era // XII International Research Symposium on the Turkic World, Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey, 2025, pp. 811–818. <https://www.utudas.org/Defaultx.aspx?ID=336> [in English]
8. Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity / J. Butler. – Routledge, 1990. – 256 p. [in English]
9. Showalter E. The New Feminist Criticism: Essays on Women, Literature, and Theory / E. Showalter. – Pantheon Books, 1985. – 320 p. [in English]
10. Ishanova D.M., Sladkevich Zh.R. Problems of gender poetics in Kazakh literature // Keruen. – 2024. – №4, 85. – P. 157–168. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-12> [in English]

11 Adaeva E.S. Kazakh adebietin zertteudin genderlik aspektileri [Gender Aspects of Studying Kazakh Literature] // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2023. – №3. – P. 85–101. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06> [in Kazakh]

12 Kemelaeva A. Tandamaly: angimeler, povester [Selected Works: Stories and Novels]. – Astana: Foliant, 2024. – 392 p. [in Kazakh]

13 Lanser S.S. Gender and Narrative. Handbook of Narratology: Vol. 1. – Berlin, 2014. – 505 p. [in Kazakh]

Received: 13.01.2026

FTAMP 17.82.20

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp283-297](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp283-297)

**Ә.Қ. Шапауов<sup>1</sup>, Ж.Т. Кадыров<sup>2</sup>, Б.Б. Жахина<sup>3</sup>, А.Ш. Тлеулесова<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақста

<sup>2</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150000, Қазақстан

<sup>3</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

<sup>4</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, 010000, Қазақстан

## ДРАМАДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мақалада түркі халықтары драматургиясындағы дәстүр жалғастығы, жанрлық-эстетикалық дамуы әдеби үдеріс аясында қарастырылуға талпыныс жасалынады. Драматургия жанрын тудыратын негізгі элементтер сюжет, композиция, тақырып, поэтика, диалог пен монологтың көркемдік қызметі айқындалып, трагедиялық конфликтінің әлеуметтік-тарихи және философиялық мәні талданады. Трагедияның эпикалық, тарихи, адамгершілік-тұрмыстық түрлерге жіктелу себептері көрсетіліп, олардың ұлттық дүниетаныммен, фольклорлық дәстүрмен сабақтастығы негізделеді.*

*Драматургия жанрларының ішінде трагедияның көркемдік-эстетикалық табиғатына айрықша назар аударылып, трагедиялық тартыстың әлеуметтік-тарихи, философиялық сипаты ашылады. Трагедиядағы конфликт тұлға мен қоғам арасындағы бітіспес қайшылықтар жүйесі ретінде қарастырылып, трагедиялық қателік, адасу, тағдыр мен тарихи қажеттілік категориялары теориялық еңбектер негізінде сараланады. Сонымен қатар драма мен комедия жанрларының қалыптасу ерекшеліктері, олардың драмалық әрекет, мінез жасау, тілдік-стильдік жүйе тұрғысындағы өзіндік белгілері талданып, жанрлар арасындағы өзара ықпалдасу мен трансформация заңдылықтары көрсетіледі.*

*XX ғасырдың басындағы түркі халықтары және оның ішінде қазақ драматургиясының қалыптасу кезеңі, әлеуметтік қайшылықтар, ұлттық сана мәселелерінің сахналық шығармаларда көрініс табуы ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Зерттеу нәтижелері қазақ драматургиясының түркі халықтарының ортақ драмалық өнерімен байланысын, ұлттық театр өнерінің қалыптасуындағы көркем үйірмелер мен халықтық сахналық дәстүрлердің рөлін анықтауға мүмкіндік береді.*

*Кілт сөздер: түркі халықтары драматургиясы, қазақ драматургиясы, трагедиялық тартыс, драмалық мінез, сахна өнері, ұлт театры.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Драматургия мен театр өнеріне, мәдениетаралық рухани дамуға байланысты Аристотельдің «Поэтика» [1], Н. Буалоның «Поэтикалық өнер» [2], Г. Лессингтің «Гамбургтік драматургия» [3] атты еңбектерінде классикалық драматургияның поэтикалық табиғаты